

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Жарқ етіп өткен бір жұлдыз



Қолына тұңғыш рет волейбол добын жиырма жасында ұстап көрген, ақырында спорттың осы түрінен қазақ жастары арасынан КСРО спорт шебері, КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы атақтарын бірінші болып алған, Одақтың үздік 24 волейболшысы қатарына да бірінші болып енген Октябрь Жарылғапов ұлтымыз

аспанында жарқ етіп жанып, ағып өте шыққан жарқын жұлдызға ұқсайды. Оның осынау қысқа ғұмырында тындырып кеткен тірлігі де толағайдың толғауындай орасан зор болатын.

...1951 жылдың жазы. Алматыда Орта Азия республикалары бас командаларының волейболдан КСРО Кубогы үшін аймақтық іріктеу ойындары өтіп жатыр. Осы күндері «Динамо» стадионы аузы-мұрнынан шығып тұрды. Ақыры ақтық ойын өтетін күн де келіп жетті. Алаңда – Қазақстан мен Өзбекстан құрама командалары. Өз жанкүйерлерінің қызу қолдауларына арқа сүйеген алаң иелері жеңісті қалайда қолдан бермеуге тырысуда. Сапқа республикадағы ең мықтылар жиылып алынған. Алайда, бұған дейін көбіне өктемдік танытып келген Өзбекстан жігіттері бұл жолы да шалымды көрінді. Ұзаққа созылған текетірестің барысында тәжірибесі көп қарсылас команданың басымдылығы біртіндеп біліне берді. Ақыры олар ірі есеппен жеңіске жетіп, жарыс жолын жалғастыруға мүмкіндік беретін жалғыз жолдаманы алды да кетті.

Қапаланған жанкүйер жұрт ұнжырғалары түсіп, тарап бара жатты. Ол кездері стадиондарда спорт шылардың киініп-шешінетін арнайы бөлмелері болмаушы еді. Олар алаңның жиегінде тұрып киімдерін ауыстыра беретін. Бұл жолы республика құрамасы ойыншыларына қайырылып қараған ешкім болмады. Тек ұзын бойлы, ашаң жүзді балаң жігіт қана осы маңға айналсоқтап келе берді. Бүгінгі жеңіліс үшін бір-біріне қатты сөз айтысып, бір шарпысып қалған құрама жігіттері сәлден соң жиналып, қайтуға да бет алды.

Сол тұста әлгі жас жігіт солардың бірінің жеңінен тартып тоқтатты да:

– Мені командаларыңызға алмайсыздар ма? – деп сұрады.

– Жарайды, алдық дейік. Сонда сенің қолыңнан не келеді? – деп қарсы сұрақ қойды кілт тоқтай қалған волейболшы мұның бетіне үңіле қарап.

– Волейбол ойнай аламын.

– Жөн-ақ екен. Ал ойнап жүргеніңе қанша болды?

– Бір жылдан асты.

– О, о, өте көп уақыт болыпты ғой... Волейболшы жігіт еріксіз күліп жіберді. Бір жағы жас жігіттің адалдығына сүйсініп тұрғаны байқалады.

– Жақсы, алдымен біз сені сыннан өткізіп көрейік. Ертең жаттығуға кел. Ал есімің кім болады?

– Октябрь.

– Октябрь? Бұл қазақша қалай аталады?

– Қазақшасы да – Октябрь.

– Қызық екен... Жарайды жаттығуда кездесейік.

Кездейсоқ келісімнен қуат алған жас жігіт ертеңіне команда жігіттерінің жиналған сәтін аңдып тұрып, бірден қастарына жетіп келді. Ал кеше өзімен пәтуаласқан жігіт мұны қалғандарына таныстырып, волейбол ойнауға ықыласты екенін жеткізді. Сол-ақ екен, жаңа ойыншыны қатарға алған командаластар жаттығу ойынын бастап та кетті. Бәрінің назары, әлбетте, бірден талапкерге ауды. Оның қалай доп бергені, қалай қабылдағаны, қалай ұрғаны – бәрі де жігіттердің назарынан тыс қалмады. Сәлден кейін олардың жылыұшырай қарай бастағаны аңғарылды.

Осылайша 1951 жылдың жадыраған жаз күндерінде Алматыдағы волейбол алаңына ешқашан еңсесі түспейтін жарқын жүзді, мінезге бай, жігерге толы Октябрь Жарылғапов атты оғлан келіп қосылды. Қасиетті Түркістан топырағында басталған ілкі өмір жолы оның бастапқыда жұлдызы жанған волейболшы болып туғанынан титтей де хабар берген жоқ. Осында орта мектепте оқып жүргенінде жеңіл атлетика мен гимнастикаға қатысып көрген балақайдың қаперінде тор үстінен доп сырғытатын бұл ойын тіпті де болмаған еді. Сонау 60-жылдардың басында Қазақстанның спорт көгінде волейболдың дүркірей көтеріліп, дүбірлей жөнелуіне тікелей мұрындық болған толымды тұлға өзінің кіндік қаны тамған өзбек жерінде де спорттың бұл түрі жөнінде ешнәрсе естімепті.

Қазақ волейболының «ары, намысы және абыройы» атанған Октябрь Жарылғапов расында да 1931 жылғы 25 қазанда Ташкент облысына қарас ты Янгиюль қаласында дүниеге келді. Басында Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында милиция бастығы болып қызметін бастаған әкесі Қадырбай артынша Ташкент облысындағы Бостандық ауданына поселкелік кеңес атқару комитетінің төрағасы болып ауысқан еді. Осыған байланысты Жарылғаповтар отбасы көрші елге көшіп келеді. Бірақ 1937 жылдың зобалаңы көзі ашық, көкірегі ояу азаматты да айналып өтпеді. Жазықсыз жала жабылып, нақақтан-нақақ айдалып кеткен есіл ер содан қайтып оралмады. Оның өлі-тірісінен хабары болмаған анасы Айнагүл 1939 жылы алты баласын ертіп, Түркістандағы төркіндеріне қайтты. Біздің кейіпкеріміз Қадырбайдан қалған Балмахан, Тұлпар Октябрь, Меруерт, Гауһар, Роза атты осы алты перзенттің үшіншісі еді. Обалы не керек, нағашы жұрты Қадырбай ұрпақтарын жылы қабақ танытып қарсы алды. Түркістандағы Абай көшесінде тұрған Октябрь жоғары сыныптарға барған соң, өз құрдастарымен бірге гимнастика және акробатика секцияларына қатыса бастады. Сол кездері онымен бірге Қасым Әзімбеков, Төлеген Пірманов, Рахматулла Қадыров сынды сыныптастары, апалы-сіңлілі Роза және Райхан Сопыбековалар өнер көрсетті. Ал 1948 жылы Түркістандағы №19 орта мектепті бітірген Октябрь немере ағасы Әшірдің көмегімен Алматыға оқуға аттанды. Мектепті жақсы тәмамдаған зерек түлек сол жылы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына құжат тапсырып, бірден оқуға түсіп кетті.

Бұл кезде де Октябрьдің санасында волейбол деген ойын әлі орнықпаған еді. Болашақ зоотехник болуға дайындалып жүрген жас жігіт жоғары оқу орнында спорттың басқа түрлерінде ден қоя қоймаған. Бірде мұның институттың үшінші курсына оқып жүрген кезінде С.М.Киров атындағы ауыр машина жасау зауытының волейбол командасы бұлардың ауласындағы алаңға келіп жаттығу ойындарын өткізді. Осы жерге кездейсоқ келіп қалған Октябрьге мына ойын бірден қатты ұнады. Алаңда доптың бірде ары, бірде бері ұшып, ара-тұра томпылдап жерге тиіп жатқан қозғалысынан көз ала алмай қалған ол бір сиқырға арбалғандай еді осы сәт. Ойынға аузының суы құрып қызығып кеткені сондай, алаңның шетіне ұшып кеткен доптарды жүгіріп барып, жеткізіп тұрғанын да аңғармай қалды. Өзіне доп алып жатқан волейболшы жігіттердің бірінің есімі Борис Дмитриев екенін де біліп алды сол жолы. Әлбетте, ол болашақ Қазақстан волейболының жаңа толқынын қалыптастыру тағдыры жазылатын үшеудің қатарында осы Борис Николаевичпен екеуі болатынын білген жоқ.

Осыдан бастап Октябрьдің ойынан жатса да, тұрса да волейбол ойыны кетпейтін болып алды. Оны ойнауға мүмкіндік беретін кез келген сәтті қалт жіберген жоқ. Сөйтіп жүргенінде, жоғарыда айтылған «Динамо» стадионындағы матчқа тап келді. Бұл жолғы кездесу оның өмірінің бағытын күрт өзгертіп жіберді. Республика құрамасы волейболшылары көңілінен шыққан ол сол жігіттермен бірге әртүрлі командалар сапында ойнай бастады. Осы жылдарда Октябрь республикаға танымал «Авангард», «Медик» деп аталатын ұжымдардың намысын қорғады. Үлкен спортқа осылай кеш келіп қалған ол өзінің тірлігімен талап таудай болса, алға қойған мақсатқа жетуге жастың үлкендігі де кедергі келтіре алмайтынын дәлелдеп бергендей болды. Осы үшін жаттығу барысында бәрінен де берік табандылық танытып, бәрінен де көп тер төкті. Бұл командалардағы ең еңбексүйгіш деген ойыншылардың өзі оның ісіне танданыстарын білдіріп, еріксіз бастарын шайқасатын. Жеке жаттығуы кезінде ол допты бар күшімен ағаш дуалдың төменгі жағына қарай ұратын да, өзіне қарай жерлей зымырап ұшып келгенде, тік жоғары көтеріп жібе ретін. Бұл жаттығуды күніне бір емес, жүз рет қайталайтын. Сондай үздіксіз жаттығудың арқасында ол допты қабылдап алу мен қорғаныстың алуан түрлі тәсілдерін жетік меңгеріп шықты. Ал блок қою өнерінде қазақ волейболы төңірегінде оған шендес келе қоятын ешкім болған жоқ.

Іс жүзінде Қазақстан волейболы көгінде Октябрь Жарылғапов пайда болған 50-жылдардың басында республикада жаңа типті команда – болашақтағы «Буревестниктің» іргесін қалауда қолға алынды. Оның басында жоғарыда айтылған Борис Дмитриев пен

Октябрь Жарылғаповтан басқа Егор Иконников тұрды. Сол құтты қадамдардың арқасында 1953 жылы бұл команда Бүкілодақтық жасөспірімдер біріншілігінде алдына тек Ресей және Украина құрамаларын ғана салып, қола медальді жеңіп алды. Бұл, жалпы, Қазақстан волейбол командаларының Одақ көлемін де қол жеткізген бірінші үлкен табысы еді. Бұған дейін республиканың алуан түрлі Бүкілодақтық жарыстарға қатысып келген СКИФ, «Авангард», «Медик» секілді ұжымдары міндетті түрде соңғы орындардан көрініп келген. Арада екі жыл өткеннен кейін осы «Буревестниктің» тізгінін Октябрь Жарылғапов жеке өзі ұстады. Осы жылдан бастап республика волейболшының өрлеуі басталды. Октябрінің «Буревестнигі» көп ұзамай Қазақстандағы ең күшті волейбол ұжымына айналды. Спорттың осы түрінің қауырт өрлеуіне 1954 жылдан республикада ведомствоаралық чемпионаттың өте бастағаны да айтарлықтай әсер етті. Бір жылдан соң «Буревестник» Куйбышев қаласында болып өткен КСРО-ның «Б» класындағы чемпионатына қатысты. Ал тағы бір жылдан соң, 1956 жылы Қазақстан құрама командасы Мәскеуде өткен КСРО халықтарының бірінші Спартакиадасына барды. Ойыншы-жаттықтырушы Борис Дмитриев бастап барған команда құрамында Октябрь Жарылғапов та өнер көрсетті. Кіл жас ойыншылардан құралған Қазақстан құрамасы турнирдегі бірінші ойынын құрамы атақты волейболшылардың басын қосқан Мәскеу құрамасымен өткізді.

Осы ойын туралы сол турнирге команда сапында барған жазушы Юрий Михайлов өзінің «Заңғар» деген деректі хикаятында былай деп жазды: «Міне, сәлем беру рәсімі мен алаң таңдау сәті де аяқталды. Біздердікі доп бермек. Олар алаңға былай орналасты: Женя – бірінші нөмірлі, Юра – алтыншы, Марат – бесінші, Заңғар – төртінші, Коля – үшінші, Октябрь – екінші. Төреші ысқырығы естілді. Женяға қатты күшпен допты иіріп тастады. Ол мұны еш саспастан жасады. Қарсыластар доп қабылдауда қателесіп, біз бір ұпай алдық». Автордың мұндағы Женя деп отырғаны – Евгений Пресняков, Юра – кейін атақты волейболшы атанатын, сол кезде командадағы спорт шебері атағы бар жалғыз ойыншы, Алматыға Харьковтен келген Юрий Венгеровский, Марат – Марат Мәденов, Заңғар – айтпаса да белгілі, Жәркешев, Коля – Николай Локтев, ал Октябрь, әрине, Жарылғапов еді. Жазушы бұдан әрі қазақстандық жас волейболшылардың аты шулы мәскеулік әріптестерінен ешбір қаймықпастан, барын сала ойнағандарын суреттейді.

«7:7 деген есеп көпке дейін өзгермеді, – деп жазады ол. – Трибуна тек ұлылардың ғана емес, қазақстандықтардың да соққыларын аңғара бастады. Заңғар мен Юра қатесіз ойнауда. Октябрь мен Маратта бірінші сызықта нәтижелі өнер көрсетуде. Шамасы, аптыққандары басылған сияқты». Бірінші партия, дегенмен, тәжірибелері басым астаналықтардың қанжығасында кетті – 15:10. Ал екінші партияда қазақстандықтар соңғы минуттарда жеңісті суырып алды – 16:14. Екі жақтың алма-кезек басымдығымен өткен бұл кездесу үш сағаттан астам уақытқа созылып, бесінші партия ғана жеңім пазды анықтайды. «Мәскеуліктер, әрине, мұндай қарсылықты күткен жоқ, – деп жазады Ю.Михайлов бұдан әрі.

– Бірақ, олар жеңіліп жатқанда да, өздерін лайықты ұстады: біріне-бірі бақырып, ақыл үйретпеді, командаластары қателесіп кеткенде, кіжінбеді. Сөйтіп, ұлылар байсалдана түсті». Сол байсалдылық мәскеуліктерге ұтыста әперді. Олар ақтық партияда 15:12 есебімен жеңіске жетіп, жалпы кездесудің ақырғы нүктесін қойды – 3:2. Бұл ойын, айналып келгенде, алматылықтар көкірегінде өздеріне деген зор сенім ұялатып, кейін біраз құраманы тізе бүктірулеріне жол салып берді.

Осылай жылдан жылға, турнирден турнирге өсе түскен Октябрь мен оның командасының өміріндегі бұрылысты кезең 1960 жылы келді. Желтоқсан айында Тулада өткен финалдық ойындарда екінші орын алған алматылық студенттер ұжымы «А» класына берілетін екі жолдаманың біріне қол жеткізді. Осы табыстың арқасы шығар, команданың ойыншы жаттықтырушысы О. Жарылғапов жасақтың төменгі топта ойнағанына қарамастан, жоғары эшалон спортшыларымен бірге Одақтың үздік 24 волейболшысы қатарынан орын алды.

Ал келер, 1961 жылы «Буревестниктің» КСРО біріншілігі «А» класындағы ұзақ жылдарға созылатын эпопеясы басталды. Өзінің беташар маусымында алматылықтар 16 команданың арасында 13-орынға орналасты. Осы табысы үшін команданың Октябрь Жарылғапов, Заңғар Жәркешев, Жәнібек Сауранбаев, Валерий Кассин, Евгений Акунов, Евгений Пресняков, Владимир Дьяков, Жұмаш Махмұтов және Леонид Щербаков сынды ойыншылары спорттың бұл түрі бойынша республикада «КСРО спорт шебері» атағын алған алғашқы ойыншылар атанды. «Октябрьдің балалары» 1961-1962 жылдарды қамтыған келесі чемпионатта да 13-орынға табан тіреді. Бірақ бұл жолы біріншілікте 24 команда күш сынасқан еді. Осы жетістігі үшін О. Жарылғаповқа Қазақ КСР-нің еңбегі сіңген жаттықтырушысы атағы берілді. Бұдан кейінгі 1963 жылғы чемпионат КСРО халықтарының жазғы III Спартакиадасы аясында өтті. Бұл жылы Октябрь өзінің командасын Валерий Кравченко, Геннадий Гончаров сынды талантты ойыншылармен толықтырды. Ұжымды күшейте түсу үшін республиканың іші ғана емес, сырт жақтардан да тума таланттар қарастыруды әдетке айналдырған ол Валераны Душанбеден тауып әкелді. Келе сала Алматы дене тәрбиесі институтына оқуға түскен ол бірден студенттер командасының мықты ойыншыларының бірі болып шыға келді. Сөйтіп, Спартакиадаға жақсы дайындықпен барған команда Грузия, Украина республикалары құрамалары мен бірдей ұпай жинап, тек партиялар айырмашылығы жөнінен ғана бұл қарсыластарын алға жіберіп, өзі 5-орынға табан тіреді. Ал 1964 жылы ұлттық құраманың Токио Олимпиадасында бағдарламаға алғаш рет енгелі отырған волейбол турниріне жанжақты дайындалуына байланысты чемпионат өткен жоқ. Сондықтан 1965 жылғы біріншілікке айрықша мән берілді. Ол бұдан екі жыл бұрынғыдай 24 команданың басын құрап, екі кезеңнен тұрды. Оның бір турдан тұрған іріктеу бөлігінде командалар төрт-төрттен 6 топқа бөлініп ойнады. Соның қорытындысы бойынша финалдық топтағы 12 ұжымның қатарынан көрінген «Буревестник» қорытындыда 8-орын алды. Бұл табыс Октябрь Қадырбайұлының КСРО спортына еңбегі сіңген жаттықтырушы атағын алуына мүмкіндік берді.

Осы жылдарда Октябрь Жарылғапов Қазақстан құрама командасының аға жаттықтырушысы міндетін де қоса атқарды. Ол жоғарыдағы ойыншылардан бөлек, волейболдан Геннадий Паршин (Қазақстан құрамасының қазіргі бас жаттықтырушысы), Жәнібек Сауранбаев, Олег Антропов, Александр Портной, Николай Рагозин, Вячеслав және Виталий Шапранның өз орындарын табуларына тікелей мұрындық болған ұлы ұстаз. Байыпты бапкер командадағы орнын шәкірттері әрі пікірлес әріптестері Заңғар Жәркешев пен Марат Мәденовке қалдырып кетіп, Қазақ КСР дене тәрбиесі және спорт комитетінде жауапты қызметтер атқарған жылдарында да сүйікті ұжымын ұдайы бақылауда ұстап, қамқорлық жасап отыруды ұмытқан жоқ. Соның арқасында өзі қолымен құрған «Буревестник» келер жылдарда турнир кестесімен біртіндеп жоғары өрлеп, ақырында КСРО-ның чемпионы да, екі рет Еуропа Кубок иелерінің жеңімпазы да атанды. Ұлы ұстаз өз перзентінің 1967 жылы Спартакиада аясында қола медаль жеңіп алғанын да, Одақ біріншілігінде 1968 жылы күміс медальдің иегері атанғанын да көзімен көрді. Оның қысқа ғұмыры балапандары чемпион атануына бар-жоғы үш айдай уақыт қалғанда ғана үзіліп кетті. Ұстаз бақилыққа аттанған 1969 жылдың мамыр айында оның бейітінің басында команда капитаны Жәнібек Сауранбаев сол жылы қалайда чемпион болуға ант берген еді. Команда жігіттері қанша қиын болсада, осы серттерінде тұрды. Тамыз айында «Буревестник» Одақ чемпионы деген жоғары атаққа қол жеткізді.

Артында осыншалықты із қалдырған, өз шәкірттері түгелдей «әке» деп ұлықтаған ұлы ұстаз бар болғаны 37 жыл ғана өмір сүрді. Бірақ үшінші мүшелінде көз жұмған абзал азамат ғасырға бергісіз дәурен сүрді. Ал қазақ сынды халқы барда, оның өршіл ұландары тұрғанда, оның ендігі мәңгілік ғұмырының жалғаса берері сөзсіз.